

С. Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии - новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 летию С. Сейфуллина. - 2019. - Т.1, Ч.1 - Б.57-58

СИЫРЛАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ЦИКЛІН ГОРМОНАЛДЫ ПРЕПАРАТТАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН БЕЛСЕНДІРУ

Мұқатаев А. М.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтар жолдауында, аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек деп қадап айтты. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор [1].

Жануарлардың репродуктивті қызметін реттеу үшін соңғы жылдары көбінесе сергон, фоллимаг, кең гипофизарлық табиғатты арасында таралымға ие болған фоллитропин, ФСГ-супер, ФСГ-п және басқа көп қолданылады. Фертагил, диригестран, сурфагон, супергестран және басқалары гонадолибериндерге жатады. Простагландин F2 α өкілдері-эстрофан, динопрост, магэстрофан, энзапрост, ремофан, просольвин және басқалары. Сонымен қатар прогестерон, диамол және басқалары сияқты прогестиндер де жиі қолданылады деп хабарлайды А.Г. Нежданов және басқалары (2008) [2].

Антиоксидантты әсері бар, жануарлардың гормональды метаболиттік және иммундық статусын қалыптандыратын селенді препараттар қолданыста кең таралымға ие болды. И.Т. Джакупов және В.В. Кабаков (2004) 100 кг дене массасына 2 мл дозада Е-селен дәрісін тағайындау сервис-кезеңнің 24,05 күнге қысқаруына және төлдің өмірге қабілеттігінің 16,6 % жоғарылауына әкелді[4].

Мақсаты: Мал басын қарқынды көбейтуде, қолдан ұрықтандыру жұмыстарын жандандырып, сиырларды күйітке келтіруде жаңа препараттарды қолдана отырып, сиырлардың күйітін синхронизациялау, қолдан ұрықтандыру жұмысының сапасын жоғарылату.

Жоғарыда көрсетілген мақсатымызға орай келесі міндеттерге тоқтадық:

Схемаларды қолданғанан кейінгі, сиырлардың физиологиялық жағдайының өзгеруін клиникалық әдістер арқылы бақылау. Күйітке келген ірі қараларды қолдан ұрықтандыру.

Құралдар және зерттеу әдістері: 2019 жылы 15 сәуірден - 21 маусым аралығында, табындағы 100 сиыр басын гинекологиялық тексеруден өткізгенде 2,5-6 жас аралығындағы көбею органдарында ауыруы жоқ малдарды іріктедік.

Бүгінгі уақытқа дейін біз зерттеген «Масақбай Инвест» шаруа қожалығында бедеулік пен қысырлықты алдын- алуда малдың жалпы жағдаын, әсіресе жыныстық аппараттың қалпын білуде міндетті түрде тік ішек арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, жатырының қалпын, аналық безінің қалпын, ұрық жолының қалпын зерттеп, соны мен қатар УЗИ –сканер арлығы қарап анықтап алып одан кейін овуляцияға келу үшін гормонды препараттарды қолданып оларды күйге келтіруде синхронизациялау жұмысын жасау қажеттілігін анықтадық.

Зерттеу нәтижелері.Сиырларды ұрықтандыру үшін күйге келуі синхронды түрде өтуі керек. Іріктелініп алынған екі топтағы сиырларды күйітке келтіру үшін, келесі схемалардағы препараттарды қолдандық (кесте 1).

Кесте 1

1 күн	7 күн	9 күн	10 күн	17 күн	32 күн
Сурфагон 10 мл, Е Селен 10 мл.	Эстрофан 4 мл, Тривитамин 10 мл.	Сурфагон 5 мл.	Таңертең және кешке қолдан ұрықтандыру	Прогестерон 12 мл.	Буа здыққа тексеру

Жоғарыдағы келтірілген схемадағы препараттарды кезең – кезеңімен,бұлшық етке енгіздік.

Сурфагон-ұрғашы малдарда гинекологиялық ауруларды емдеу үшін және ұрықтанудың мүмкіндігін арттыру үшін қолданылады

Гормоналды дәрілік зат 1мл құрамында 5-10мкг сурфагон (любериннің гонадотропин- рилизинг аналогы), сонымен қоса натрий хлориды, нипагин және су болады.

Әр флаконда шығарған фирманың адресі, товарлық белгісі, препараттың атауы , қолданылуы және флаконның көлемі,сериялық номері, жарамдылық мерзімі, сақтау шарты және қолданылуы көрсетіледі.

Сурфагон-гипофиздің лютеиндеуші ЛГ және фолликуластимулдеуші гармонының гонадотропты бөлінуін жылдамдатушы. Қанда 3-4 сағат сақталады. Сурфагон табиғи люлиберин- ризлинг гармонынан 50 есе жоғары. Сондықтан гипофиздің гонадотроптық функциясына биологиялық әсері өте күшті.Сурфагон микродозада қысқа курспен қолданылады.

Аналық жыныс безінің гипофункциясында сурфагон жіберілген соң 11ші күні эстрофан жіберіледі 500мкг.

Қорытынды

Жоғарыдағы зерттеу нәтижелерін саралай келе, келесідей ұсынысты

ұсынамын:

1. Қолдан ұрықтандыру жұмысының тиімділігін жоғарылату үшін, шаруашылыққа сиырлардың күйітін синхрондауға гормональдық препараттардың біз ұсынған схеманы қолдануды ұсынамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
2. Нежданов, А.Г. Эндокринные факторы в развитии метра овариопатий у коров / А.Г. Нежданов, В.А. Сафонов // Проблемы, задачи и пути научного обеспечения приоритетного национального проекта «Развитие АПК»: материалы Всероссийской научно-практической конференции. – Новочеркасск, 2008. – С. 84-86.
3. Джакупов, И.Т. Влияние Е-селена на воспроизводительную функцию и продуктивность коров / И.Т. Джакупов, В.В. Кабаков // Ветеринария. – 2004. - №12. - С. 37-38.